

4 дәріс.

Зооантропоноздар. Жалғасуы.

Сібір жарасы. Бруцеллез.

Сібір жарасы.

- Осы ауруды С.С. Андриевский өзіне жұқтырған 1788 ж, Сібір аймағында эпидемиясы байқалған, сондықтан сібір жарасы деп атаған. Этиологиялық манызын Р.Кох және Л.Пастер 1881 жылы айқындаған.

Сібір жарасының қоздырғышы.

- *Bacillus anthracis* –сібір жарасының қоздырғышы.
- Морфология – стрептобацилла, спора, капсула тузеді, қозғалмайды, грам он.
- Дақылдық қасиеттері – орталарға талапшыл емес, ЕПА устінде R формалары колониялар тузеді, “арыстан “ желкесіне ұқсас.
- Биохимиялық қасиеті – желатинді сұйылтады шыршаға ұқсас, глюкоза, сахарозаны ыдыратады қышқылға дейін.

Патогендік қасиеті.

- Экзотоксин үш фракциядан тұрады –
- 1. протективты фактор антидене түзуліні шақырады.
- 2. леталды фактор- жасушаларды некрозға ұшыратады.
- 3. ісік факторы –аденилатциклаза ферменті зақымдалған жасушалардың ісіуін шақырады.
- Капсула.

Эпидемиология.

- Инфекция көзі – ірі қара мал, топырақтағы споралар.
- Жуғу жолы – алиментарлы, қарым қатынас(малды етін бұзған кезде), аэрогенды(споралар арқылы).
- Шақыратын инфекция – сібір жарасы.
- Терілік, өкпелік, ішек және септикалық түрлерын ажыратады.

Патогенез.

- Жиі кездесетын түрі – 95% терілік сібір жарасы, қарым қатынас арқылы жуғады.
- Инкубациялық кезен -1-5 күн.
- Теріде ұсақ жараларға қоздырғыш туседі, кобееді, инфилтрат пайда болады, осы инфилтрат іріндейді, некроздын әсерінен қараяды – пустула пайда болады, қоршаған тіндер іседі. Өзіне өзі жазылу мүмкін. Бірақ пустула дәрігердің әрекетынен бұзулса септицемия басталу мүмкін.

Патогенез.

- Өкпелік түрі –аэрогенді жолмен спораларды жұқтырады. Көбінесе жүн іріктеушілердің ауруы.
- Қоздырғыш өкпеге түседі, көбееді, некроз, ісік пайда болады. Науқастарда ауыр геморагиялық пневмония байқалады, емделмегенде 100% науқастар өледі. Инкубациялық кезен 24 сағат –3 күн. Адамда қанды қақырық, жоғары температура, кеудесі ауырсынады, ентігу байқалады.

Ішек сібір жарасы.

- Алиментарлы жолмен жұққанда болады.
- Науқастын ішектер қабырғасында геморагиялық жаралар пайда болады, перитонит байқалады. Емделмегенде өлімге ушырайды.
- Көріністер – іші қатты аурсынады, қанды нәжіс, қусу байқалады.

Лабораториялық әдіс.

- Микроскопиялық әдіс- жағындыны Грам әдісімен бояу, капсуланы анықтау үшін Бурри-Гинс әдісімен бояу.
- Бактериологиялық әдіс- сары су агарында таза дақылды бөліп алады.
- Серологиялық әдіс- Асколи бойынша термопреципитация реакциясы. (Ауру малды анықтайды)
- Биологиялық әдіс.

Алдын алу және емдеу.

- Емдеу –антибиотиктер.
- Алдын алу – тірі әлсіреген вакцина СТИ, мал шарушылығында жұмыс істейтын адамдарға және эпидемия кезінде егеді.

Бруцеллез.

- Бруцеллез ауруын Брюс деген ғалым 1886 жылы ашқан Малтадағы қойшыда, сондықтан **малталық безгек** деп атаған, кейін Брюс ауруы,
- кәзір кезде **бруцеллез** деп аталады.

Бруцеллез қоздырғышы.

- Бруцеллез қоздырғыштары- *Brucella melitensis*, *Brucella abortus*, *Brucella suis*.
- Морфология – коккобактериялар,грам теріс, , спора, капсула тузбейді, қозғалмайды.
- Қатан аэроб, орталарға талапшыл, сары су, қан қосылған орталарда баяу өседі.

Бруцеллалар төзімділігі.

- Шикі сүтте – 273 күн, майда 142 күн, құртта(сыр)1 жыл, айранда 11 күн сақталады.
- Қайнатқанда және пастерленгенде 5 мин ішінде өледі.
- 3 апта етте, сүт тағамдарында сақталады, 60 С өледі.

Биохимиялық және биологиялық қасиеттер.

- CO₂ және H₂S қажет етеді.
- Сары су агарында ұсақ, мөлдір колониялар тузеді.
- Каталаза және уреаза тузеді.
- Эндотоксин тузеді, аяқталмаған фагоцитоз туғызады.

Эпидемиология.

- Инфекция көзі – ірі қара, усақ малдар, шошқалар.
- Жуғу жолы – алиментарлы (ет, сүт), қарым қатынас, ауа шан, ауа тамшы. Ауру адамнан адамға берілмейді.
- Бруцеллез созылмалы ауру. Жедел және созылмалы түрлері болады.

Патогенез.

- Қоздырғыш ағзаға туседі лимф бездерін зақымдайды, лимфоаденопатия пайда болады, қанға шығады бактермия байқалады. Қанмен айналып ретикулоэндотелиалды жүйені зақымдайды, жасушаішілік паразит, буйрек, бауыр, ми кемігі және буын, жүрек, орталық жүйке жүйесын зақымдау мүмкін. Созылмалы сепсис түрінде өтеді.

Патогенез.

- Зақымдалған мүшелерде гранулома, микроабцесстер пайда болады.
- Инкубациялық кезен 1 аптадан 6 айға дейін.
- Лимфа, бауыр, жүйке және тірек қимыл жүйелері зақымдалады.
- Симптомдар – безгек, қалтырау, түнгі терлеу, әлсіздік, бас аурады, , буындар аурады, қақсайды, миалгия байқалады.

Лабораториялық диагностика.

- Зерттелетін зат – қан, зәр, нәжіс, сүт, қызыл ми кемігі.
- Серологиялық әдіс – Райт және Хедделсон реакциялары (агглютинация реакциясы). КБР, ИФР, ГАТР.
- Бактериологиялық әдіс.
- Аллергиялық әдіс – Бюрне сынамасы (бруцелин антигенін енгізеді).

Бактериологиялық әдіс.

- Осы әдісті арнайы лабораторияларда жүргізеді.
- Ен тиімді миелодақыл(қызыл ми кемігі), уринодақыл жедел және сауығу кезеңінде, гемодақыл 1 айда қоздырғыш бөліп алуға болады.
- Зерттелетін затты тауық эмбрионына жұқтырады, 5 күннен кейін қорек орталарына себеді.
- Биологиялық сынама – ақ тышқандароға жұқтырады.

Емдеу.

- Емдеу –антибиотиктер, стероидты емес қабынуға қарсы препараттар.
- Алдын алу – Вершилованын тірі әлсіреген вакцинасы.
- Тұрақты иммунитет пайда болады.

Сұрақтар.

- 1. Сібір жарасы қоздырғышының морфологиялық ерекшелігі:
 - 1. грам теріс таяқша
 - 2. грам теріс коккабактериялар
 - 3. грам оң стрептобациллалар
 - 4. капсула түзбейді
 - 5. сопақша пішінде
- 2. Сібір жарасы қоздырғышы:
 - 1. *Clostridium perfringens*
 - 2. *Leptospira interrogans*
 - 3. *Bacillus anthracis*
 - 4. *Yersinia enterocolitica*
 - 5. *Clostridium tetani*

Сұрақтар.

- 3.Бруцеллалардың морфологиялық ерекшелігі:
 - 1. грам теріс таяқша
 - 2. грам теріс коккабактериялар
 - 3. грам оң стрептобациллалар
 - 4. коккабактериялар
 - 5. грм теріс коккабактериялар
- 4.Малталық безгектын қоздырғышы:
 - 1. Clostridium perfringens
 - 2. Brucella abortus
 - 3. Bacillus anthracis
 - 4. Yersinia enterocolitica
 - 5. Clostridium tetani